

**"Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № 77 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 ақпанда № 26938 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2022 жылғы 16 ақпандағы  
№ 77 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 25 тамыздағы  
№ 883 бұйрығымен бекітілген

## **Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-16) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау және "Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал ететін және тарифтердің қолжетімділік деңгейі мен Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін жүріп тұру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын тұрақты қатынастардағы жолаушыларды тасымалдау әлеуметтік мәні бар тасымалдар деп танылады.

3. Субсидиялауға тарифтерін облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган) белгілейтін әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастары арқылы тасымалдауды орындау нәтижелері бойынша пайда болған тасымалдаушының залалдары жатады.

4. Егер Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7297 болып тіркелген) бекітілген Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу

әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес анықталған жолаушыларды тасымалдау тарифі мен жергілікті атқарушы органмен белгіленген әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарына арналған тариф арасындағы айырма жергілікті бюджеттен субсидияланбаса, онда тариф шамасын жергілікті атқарушы орган Әдістемеге сәйкес анықтаған жолаушыларды тасымалдау тарифі деңгейінде белгілейді.

## **2-тарау. Субсидиялауға жататын автомобиль көлігімен жолаушылардың әлеуметтік мәні бар тасымалдары және субсидиялар мөлшерлері**

5. Егер жергілікті атқарушы орган белгілеген жолаушыларды тасымалдау тарифі Әдістемеге сәйкес анықталған жолаушыларды тасымалдау тарифінен төмен болса, аталған маршрут әлеуметтік мәні бар тасымалдаулар санатына жатады.

6. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органы айқындайтын әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы үш жылдық мерзімге субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастары тізбесін жасайды.

7. Тасымалдаушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Әдістемеге сәйкес анықталған маршруттағы тариф есебін, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есебін ұсынады.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес, тасымалдаушы ұсынған есептердің дұрыстығын анықтау және субсидиялауға тиісті әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесіне ұсыныстар қалыптастыру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы әкімнің өкімімен (ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңылық қатынастар) тариф бойынша Комиссия құрады (бұдан әрі – Комиссия).

Комиссияға жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасары басшылық етеді. Комиссия құрамына жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың (жолаушылар көлігі, экономика және бюджеттік жоспарлау мәселелері бойынша уәкілетті), өңір ұлттық кәсіпкерлерінің өңірлік палатасы, заңды тұлғалар және қоғамдық бірлестіктердің автокөлік бірлестіктер өкілдері кіреді. Комиссия құрамына кәсіподақ бірлестіктерінің, тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарының өкілдері кіруі мүмкін.

9. Мәселе туындаған жағдайда тариф анықтаудың дұрыстығын растау үшін Комиссия тасымалдаушыдан Әдістемеге 1-қосымша болып табылатын Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтерін қалыптастыруды экономикалық-математикалық моделі аясында тариф есептеуде қолданған құжаттар мен ақпаратты тек бір ғана рет сұратады.

Комиссия отырысы нәтижесінде тариф анықтаудың дұрыстығын хаттамалық түрде растайды және осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес тасымалдаушыдан есептер түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесін жасайды.

Төтенше жағдай және карантиндік шектеулер кезеңінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау нақты тасымалданған жолаушыларды ескере отырып, осы Қағидалардың 7-10-тармағына сәйкес есептік тарифті анықтау жолымен жүзеге асырылады. Комиссия тариф анықтаудың дұрыстығын осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес тасымалдаушыдан төлемдер түскен күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде растайды.

10. Комиссия шешімі ашық дауыс беру жолымен қабылданады, ол құрылымның жалпы санынан үштен екісі болған кезде құқықты.

Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берілген болса, Комиссия шешімі қабылданған болып саналады. Теңбе-тең дауыс берілген жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

11. Әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды субсидиялауға бағытталған сомалар көлемін анықтау әрбір қатынасқа мынадай:

1) Әдістемеге сәйкес анықталған жолаушыларды тасымалдау тариф пен жергілікті атқарушы органмен белгіленген әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастары тариф арасындағы айырмашылық;

2) жыл сайын жоспарланатын тасымалданатын жолаушылар саны негізінде жүргізіледі;

3) осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км) сүйене отырып жолаушылар мен багажды тасымалдаудан түседі деп болжанған табыс және анықталған маршрут құны арасындағы айырмашылық ретінде айқындалған тасымалдарды орындаудан болған залал.

12. Әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастарын субсидиялау көлемі Әдістемеге сәйкес анықталған жолаушыларды тасымалдау тарифі мен жергілікті атқарушы органмен белгіленген тариф айырмашылығын, жылдарға бөлінген жыл сайынғы болжамдалған тасымалданатын жолаушылар, санына көбейтумен анықталады.

Автобустың тұрақты тасымалын жүзеге асыру үшін маршруттың құны анықталған жағдайда, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес, маршрут бойынша жүретін автобустардың жалпы жүрісі (км) тасымалдаушылардың залалын субсидиялауға кететін қаражат көлемі жоспарланған жолаушылар мен багаж тасымалдарының санынан түсетін табыстар және осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км) сүйене отырып анықталған маршрут құны арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

13. Жергілікті бюджеттен субсидиялар төлеуді жүзеге асыруды жоспарлау үшін жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті бюджет бағдарламасы бойынша үш жылға бюджеттік өтінімді әзірлейді және оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жібереді.

Осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарына сәйкес анықталған әлеуметтік мәні бар қатынастарды субсидиялауға арналған қаражат көлемі және әлеуметтік қатынастар тізілімі бюджеттік өтінім үшін негіз болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджетті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді орган бекіткеннен кейін бір ай мерзімде әлеуметтік мәні бар субсидияланатын автомобиль қатынастары бойынша үш жылдық мерзімге сомалар бекітеді.

14. Осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес анықталған сома негізінде тасымалдаушы мен жергілікті атқарушы орган арасында Әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарды субсидиялау туралы шарт жасалады (бұдан әрі - Шарт), ал осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда тасымалдаушыға субсидияны төлеу үшін тасымалдаушылар мен тиісті жергілікті атқарушы органдар не уәкілетті ұйымдар арасында шарт жасалады, ол:

- 1) осы Қағидалармен анықталған міндеттерді;
- 2) жылдарға бөлінген үш жылға болжамдалған жолаушыларды тасымалдау санын;
- 3) жылдарға бөлінген үш жылға субсидиялау сомасын;
- 4) белгіленген тарифті (тарифтердің торын);
- 5) маршрут бойынша Әдістемеге сәйкес анықталған тарифті;
- 6) осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып, тұрақты автобус тасымалдауларын жүзеге асыру үшін маршрут құны анықталған кезде жылдар қимасында үш жылғы маршрутта жүріп өткен болжамдық жиынтық жолын (км);
- 7) ұсынылған растаушы құжаттарға сәйкес келмегенде заңсыз түскен субсидияны қайтару туралы міндеттемесін;
- 8) ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес алынбаған субсидияларды төлету міндеттемесін көздейді.

### **3-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі мен шарттары**

15. Тасымалдаушы есептік айдан кейінгі айдың 15 күніне дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы ай сайынғы есепті (бұдан әрі - ай сайынғы есеп) жібереді. Осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық

жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда Тасымалдаушы келесі есептік айдан кейінгі айдың 10-шы күніне дейінгі мерзімде уәкілетті ұйымға ай сайынғы есеп жібереді, кейін уәкілетті ұйым келесі есептік айдан кейінгі айдың 15-ші күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыс туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органға ұсынады.

"Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

16. Тасымалдаушы (жеке немесе заңды тұлға) (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауға арналған өтінішті (бұдан әрі - өтініш) және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін жолдайды.

Стандарттың 8-тармағында көзделген құжаттар тізбесінде:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы есеп;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыс туралы ақпарат баяндалады;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын билеттерді сату жөніндегі есеп;

осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша

тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын тасымалдаушының жолаушыларды маршруттарда тасымалдаумен байланысты шығыстарының көлемі жөніндегі есеп;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын жолаушылар тасымалынан түскен қаржылық қаражат туралы есеп;

тасымалдаулар ауданаралық (қалааралық облысшілік) немесе ауданішілік қатынастарда жүзеге асырылған жағдайда, автовокзалдардың (автостанциялардың) диспетчерлік қызметінің құжаты немесе ауылдық округтің әкімінен немесе оны алмастыратын адамнан осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растайтын анықтамалар;

осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда, осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растаушы елді мекеннің бірыңғай диспетчерлік қызметінен алынған құжат;

диспетчерлік қызметтің қалалық маршруттар бойынша рейстерді орындамағанын растайтын (бар болған жағдайда) құжаты.

Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Стандарттың 10-тармағында жазылған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

17. Әлеуметтік маңызы бар субсидияланатын қатынастар бойынша жергілікті бюджеттен субсидиялар төлеуді жергілікті атқарушы орган ай сайын Шартқа сәйкес жүргізеді.

18. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

19. Көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес өтініш және құжаттар топтамасы түскен кезде, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе орындаушысы осы өтінішті және құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті

берушінің басшысына немесе жетекшілік ететін басшының орынбасары және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы арқылы қарау үшін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді.

20. Ұсынылған құжаттардың толық ұсынбау және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті бұдан әрі қараудан дәлелді бас тарту береді.

21. Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы құжаттар топтамасының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Ұсынылған құжаттар топтамасы Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау туралы хабарламаны ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның міндетін атқарушыға басшының жетекшілік ететін орынбасарының және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының келісімі бойынша жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

22. Стандарттың 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау туралы хабарламаны не Стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы



Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберу тәсілімен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның міндетін атқарушыға басшының жетекшілік ететін орынбасарының және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының келісімі бойынша жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

23. Жылдың соңғы күнтізбелік айы үшін бюджеттік субсидияларды төлеу кейіннен келесі жылдың 25 қаңтар мерзімінен кешіктірмей нақты деректер бойынша жасалған есепті ұсына отырып, 20 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынылған, болжамды деректер бойынша жасалған субсидияланатын қатынастар бойынша есеп негізінде жүзеге асырылады.

24. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының

5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

25. Жергілікті атқарушы орган Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

#### 4-тарау. Тұрақты автобус тасымалын жүзеге асыру үшін маршрут құнын белгілеу тәртібі

26. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауда автобустарда (микроавтобустарда) жолақысын электрондық төлеу жүйесін пайдалану кезінде белгілі кезеңге маршрут құнын есептеуде немесе жұмыстардың (қызметтердің) белгілі көлемін орындау үшін келесі түрдің экономикалық-математикалық үлгісі пайдаланылады:

$$CM = (Z_{\text{пс}} + (Z_{\text{п}} + Z_{\text{н}}) * R) * K_{\text{ндс}}$$

формула (1)

мұндағы:

CM - белгілі кезеңге маршрут құны немесе көлік жұмысының белгілі көлемін орындау үшін;

Z<sub>пс</sub> - жылжымалы құрам (сыйымдылығы орта және үлкен жылжымалы құрам сатып алу бойынша лизингтік төлемдер, көлік құралдарын сақтандыру құны, сыйымдылығы кіші автобустар бойынша амортизация) сатып алуға тасымалдаушы жұмсайтын нормативтік (есептік) шығындардың жалпы сомасы;

Z<sub>п</sub> - тасымалдаушының тікелей нормативтік (есептік) жалпы сомасы (отын, жағармай материалдары, автобустарды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету, автошиналарды ауыстыру және жөндеу, жүргізушілер мен кондукторлардың еңбекақысы);

Z<sub>н</sub> - тасымалдаушының қосымша шығындарының жалпы сомасы;

R - 1,15 тең тасымалдаушының шығындарына есептік рентабельдік коэффициенті (15% ретінде қолданылады);

K<sub>ндс</sub> - 1,12 тең қосылған құн салығына коэффициент (12% ретінде қолданылады).

27. Баптар бойынша нормативтік шығындардың іріленген есептері мынадай орындалады:

1) Зпс - жылжымалы құрамды сатып алуға тасымалдаушының нормативтік (есептік) жалпы сомасы мынадай тұрады:

Сыйымдылығы шағын және үлкен жылжымалы құрамды сатып алу бойынша жылдық лизингтік төлемнің (жылдық аннуитет) көлемі.

Мына формулада есептеледі:

$$L_{\text{год}} = ((C_{\text{тс}} * (1 + N * R_{\text{уд}}) - C_{\text{тс}} * A_{\text{тс}}) / N) * A_{\text{м}} * 0,8$$

формула (2)

мұндағы:

$L_{\text{год}}$  - жылжымалы құрамды сатып алу бойынша жылдық лизингтік төлемнің (жылдық аннуитет) көлемі;

$N$  - лизинг келісімшартының мерзімі;

$C_{\text{тс}}$  - бір көлік құралының орта нарықтық құны;

Бір күнтізбелік жыл ішінде шығарушы зауыттан не ресми делдалдар арқылы сатып алынған автобустар үшін, сатып алу құны осындай болады.

Қайталама нарықтан сатып алынған, сондай-ақ жалданған автобустардың – орта нарық құны, бағалық қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен айқындалады (баға беру мерзімі 6 айға дейін).

$R_{\text{уд}}$  - келісімшарт бойынша лизингтік пайыз мөлшерлемесі;

$A_{\text{тс}}$  - лизинг келісімшарты бойынша аванстық төлем көлемі (көлік құралы құнынан пайыздық мөлшерлеме);

$K_{\text{в}}$  - 0,8-ге тең лизинг төлемдерін өтеу коэффициенті (80 % ретінде қолданылады).

Лизинг шартының ағымында жылжымалы құрамды сатып алу бойынша лизингтік төлемдер өтелуге жатады. бұл ретте лизинг (қарыз) шарты 5 жылдан астам мерзімге жасалса, онда өтеуге іс жүзіндегі лизингтік (қарыз) төлемдері қабылданады, егер лизинг (қарыз) шарты 5 жылдан кем мерзімге жасалса, онда өтеу лизинг (қарыз) шарты 5 жылдық мерзім есебінен жүзеге асырылады.

2) Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасқанда төлеуге жататын жылдық сақтандыру сыйақының мөлшері 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексімен (ерекше бөлім) анықталады.

3) Жылжамылы құрам сатып алу бойынша лизингтік төлемдер болмаған жағдайда өтеуге жалпы жүріп өткен жолының есебінде маршрутқа бекітілген автобустар бойынша амортизациялаған аударымдар сомасы жатады. Мына формула бойынша есептеледі:

$$Z_{\text{а}} = 0,15 \times A_{\text{м}} \times K_{\text{Р}} \times Ц,$$

формула (3)

мұндағы:

За - амортизация шығындары;

0,15 - 15 % көлемінде автокөлік бойынша амортизация нормасы;

Кр - автобустар резервінің коэффициенті.

4) Зп - тасымалдаушының тікелей нормативтік (есептік) жалпы сомасы мынадан тұрады:

Зт - осы маршрутта пайдаланылатын автобустардың жалпы жүріп өткен жолына есептегенде автомобильдік отын шығындары тариф есептелетін күнгі барлық қолданыстағы үстемелер мен 1 литр бензиннің дара бағасын есепке алып, 100 км жұмсалған отын шығындарының базалық нормаларына сүйеніп анықталады:

$$Ш_о = 0,01 * L_{об} * НТ * КН * ЦТ$$

формула (4)

мұндағы:

0,01 - 100 км-ден 1 км-ға отын шығынын қайта есептеу;

Lоб - төмендегі формула бойынша есептелетін маршрутқа қызмет көрсетуде автобустардың жылдық жүріп өткен жолы:

$$L_{жп} = K_{ж} * (n * l_{ра} + l_о)$$

формула (5)

мұндағы:

Др - бір жылда маршрутқа қызмет көрсетілген күндер саны (жыл бойы жұмыс істеу режимінде  $K_{ж} = 365$ );

n - бағдардағы рейс айналымдарының күнделікті саны;

$l_{кр}$

- маршруттағы рейс айналымдарының қашықтығы км;

$l_о$

- күнделікті нөлдік жүріп өткен жол, км;

Маршрут сипатының көрсеткіштері жұмыс және демалыс күндері бойынша әртүрлі мәндерге тең болса, онда автобустардың жалпы жылдық жүріп өткен жолы осы көлемдерді жинақтаумен жұмыс және демалыс күндері бойынша жеке анықталады.

НТ - автобустың 100 км жүріп өткен жолына литрмен есептелетін отынды шығындаудың базалық нормалары "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 қаулысына (бұдан әрі – Отынды шығындау нормалары) сәйкес анықталады;

КН - автобустың маршрутта жұмыс істеу шынайы шарттары үшін базалық нормаға үстемелердің жиынтық коэффициенті Отынды шығындау нормалары сәйкес анықталады;

ЦТ - отынның қысқы және жазғы түрлерін пайдалануды есепке алып, тариф есептеу күніне 1 литрдің орташа жылдық дара құны мына формула бойынша анықталады:

$$O_{\delta} = \frac{B_{\text{к.ш.}} * A_{\text{кыс}} + B_{\text{ж.о.}} * A_{\text{жаз}}}{12}$$

формула (6)

мұндағы:

Ақыс Ажаз- ККл (коэффициент климаттық) мәнін анықтайтын Отынды шығындау нормаларының 10-шы кесте бойынша кезеңдер шегінде өңір бойынша анықталған бір жылдағы қысқы және жазғы айлар саны.

Бқ.ш. Бж.о.- тариф есептеу күніне отынның дара құны (жазғы және қысқы).

Жазғы кезеңде тариф есептеуде негізге алдыңғы қысқы кезеңде қалыптасқан қысқы отынның 1 литрдің бағасы алынады.

5) Шжж - жанар-жағармай материалдарына шығындар автомобильдік отынға шығындардың 10%-ға тең:

формула (7)

$$\text{Ш}_{\text{жж}} = \text{Ш}_{\text{т}} * 0,1$$

6) Шжт- жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстары осы маршрутқа қызмет көрсету үшін бекітілген автобустар құнынан 10 % (автобустар үшін пайдалану мерзімі 3 жылға дейін), 15% (автобустар үшін пайдалану мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін) және 20 % (автобустар үшін пайдалану мерзімі 7 жылдан астам) ретінде қабылданады:

$$\text{Шжт} = \text{Кшт} * \text{Ам} * \text{Кр} * \text{Ц}$$

формула (8)

мұндағы:

Кшт - автобустарға жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстарының коэффициенті;

Ам- кесте бойынша маршруттағы автобустардың бір күн ішіндегі саны;

Кр - автобустар резервінің коэффициенті, (1,2 ретінде тең шығындарды есептеу үшін алынатын кесте бойынша автобустар маршруттарына бекітілгендердің жалпы санының маршрутқа жеткізуге жататын автобустардың санына қатынасы);

Ц - маршрутта бекітілген 1 автобустың орташа адал нарықтық құны, теңгемен;

Өндіруші зауыттан немесе ресми делдалдардан сатып алынған автобустар үшін сатып алу құны осындай болады.

Қайталама нарықтан сатып алынған, сондай-ақ жалданған автобустардың – орта нарық құны, бағалық қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен айқындалады (баға беру мерзімі 6 айға дейін).

7) Шш- маршруттағы автобустардың жылдық жүрісіне есептелген автошиналарды пайдалану шығыстарын мынадай формула бойынша анықтауға болады:

$$\text{Шш} = \frac{\text{Цш} * m * L_{об}}{\text{ш} * K_{ш}}$$

формула (9)

мұндағы:

Цш- бір шина жиынтығының орташа сатып алу бағасы (шина, камера, жиек таспасы), есептеу кезінде теңгемен;

М- автобустағы доңғалақ саны (қосалқы доңғалақсыз);

Lоб - маршрутқа қызмет көрсету кезіндегі автобустардың жалпы жылдық жүрісі;

ш - автошиналар жүрісінің пайдаланымдық нормасы отын шығысының нормасына сәйкес анықталады, км;

Кш - автошиналар жүрісінің пайдаланымдық нормасын түзету коэффициенті отын шығысының нормасына сәйкес анықталады.

8) – маршрутқа қызмет көрсету бойынша жүргізушілер мен кондукторлардың (автобустар экипаждарының) жалпы жылдық төлем сомасы мынадай формула бойынша анықталуы мүмкін:

$$\text{Шжа} = (\text{Мр} * (\text{ZB} * \text{NB} * \text{ZK} * \text{NK}) * \text{AM} * \text{K}) * 1,2$$

формула (10)

мұндағы:

Мр - бір жылда маршрутқа қызмет көрсетілетін айлардың саны (жұмыстың тәулік ішінде режимі кезінде Мр = 12);

ZB және ZK – автобус жүргізушісінің орташа айлық жалақысы өтінім бергеннің алдындағы тоқсан негізінде статистика деректері бойынша қалыптасқан тасымалдаушы

тіркелген аумақтағы бір қызметкердің орташа айлық жалақысы деңгейінде белгіленеді. Кондуктордың орташа айлық жалақысы жүргізушінің жалақысының 70% деңгейінде белгіленеді;

$N_{в}, N_{к}$  - маршрутта әр автобусты бекітілген жүргізушілердің (кондукторлардың) нормативтік саны;

$K$  - тасымалдаушының есептік деректерімен расталған сомада еңбек жалақысы мен қызметкерлерді сақтандыруға әлеуметтік есептеуін есепке алатын коэффициент.

1,2 - аурулық, еңбек, оқудағы жұмысшылардың есептеулерін ескеретін түзету коэффициенті.

9)  $\Pi_{ш}$  - үстеме шығыстардың нормативті сомасы осы маршрутқа қызмет көрсету бойынша шығындардың тікелей баптарының жиынтық сомасынан 20% құрайды және мына формула бойынша анықталады:

$$\Pi_{ш} = \Pi_{т} * 0,2$$

формула (11)

Үстеме шығыстарды есептеу сомасы өндіріс шығындарына жататын барлық салық және алымдар түрлерін (қосалқы құн салығы мен кірістің корпоративтік салығынан басқа) қамтиды.

28. Осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес тасымалдаушы ұсынған есептердің дұрыстығын анықтау және субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесіне ұсыныстар қалыптастыру үшін тиісті әкімшілік-аудандық бірліктің жергілікті атқарушы органы әкімнің өкімі бойынша маршрут құнын айқындау жөніндегі комиссияны құрады (ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастары) (бұдан әрі - Маршрут құнын айқындау жөніндегі комиссия). Комиссия құрамы осы Қағидалардың 8-тармағының екінші бөліміне сәйкес анықталады.

29. Ұсынылған есептердің дұрыстығын растау үшін Маршрут құнын айқындау жөніндегі комиссия және сұрақтар туындаған жағдайда тасымалдаушыдан осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген тұрақты автобустық тасымалдарды жүзеге асыру үшін Маршрут құнын айқындау тәртібі шеңберінде есеп айырысқанда пайдаланылған құжаттар мен ақпаратты бір рет қана сұратады.

30. Отырыстың нәтижелері бойынша Бағдар құнын айқындау жөніндегі комиссия тасымалдаушыға осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көліктік жұмыс төлеміне есептік шығындары түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде бағдар құнын айқындаудың дұрыстығын хаттама түрінде растайды және әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесін қалыптастырады.

31. Комиссия шешімі осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес қабылданады.

Әлеуметтік маңызы бар  
 жолаушылар тасымалдарын  
 жүзеге асырумен байланысты  
 тасымалдаушылардың  
 шығындарын  
 бюджет қаражаты есебінен  
 субсидиялау қағидаларына  
 1-қосымша

Нысан

**Субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастар тізбесі**

№	Маршрут атауы (маршрут нөмірі)	Маршрут түрі (атауы)	Әдістемеге сәйкес 1 жолаушыға анықталған тариф	1 жолаушыға ұсынылатын немесе қолданыстағы тариф	Нақты және ұсынылатын тарифтер айырмашылығы	Әлеуметтік мәні бар қатынастарды 3 жылға болжамдалатын жылдарға бөлінген субсидиялау көлемі				
1	2	3	4	5	6	7				
										жиыны

Ұйым басшысы  
 Бас бухгалтер  
 МО (бар болса)

Әлеуметтік маңызы бар  
 жолаушылар тасымалдарын  
 жүзеге асырумен байланысты  
 тасымалдаушылардың  
 шығындарын бюджет қаражаты  
 есебінен субсидиялау  
 қағидаларына  
 2-қосымша

Нысан

**Әдістемеге сәйкес анықталған маршруттағы тариф есебі**

№	Маршрут атауы (маршрут нөмірі)	Маршрут түрі (атауы)	Әдістемеге сәйкес 1 жолаушыға анықталған тариф	Әлеуметтік мәні бар маршруттарды 3 жылға жолаушылар тасымалының жылдарға бөлінген болжамдалатын саны
1	2	3	4	5

Ұйым басшысы  
 Бас бухгалтер  
 МО (бар болса)



Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын  
бюджет қаражаты есебінен  
субсидиялау қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

### Маршрут құнының есебі

№ р/н	Маршрут атауы (бағдар нөмірі)	Маршрут түрі ( атауы)	Маршрут қашықтығы (км)	Маршрут құны	Болжанған жолаушылар тасымалының жыл ішіндегі саны
1	2	3	4	5	6

Ұйым басшысы  
Бас бухгалтер  
МО (бар болса)

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет  
қаражаты есебінен  
субсидиялау қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

20 \_\_ жылға арналған \_\_\_\_\_

(ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ обл. (қала, аудан) бойынша әлеуметтік мәні  
бар субсидияланатын автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған  
жолаушылар  
бойынша есебі

№	Маршруттың атауы, №	Маршрут түрі ( атауы)	1 жолаушыға белгіленген тариф	Есептік ай бойынша айларға бөлінген тасымалданған жолаушылар саны	Жолаушылар тасымалынан түскен қаражат, теңге
1	2	3	4	5	6

Ұйым басшысы  
Бас бухгалтер  
МО (бар болса)

Әлеуметтік маңызы бар

жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет  
қаражаты есебінен  
субсидиялау қағидаларына  
5-қосымша

Нысан

## Орындалған жұмыс туралы ақпарат

\_\_\_\_\_

(уәкілетті ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_

обл. (қала, аудан) бойынша

20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ үшін

№ р/н	Маршруттар саны	Орындалған тасымал көлемі (км)	Жалпы маршруттар құны	Жолаушыларды тасымалдаудан түскен қаражат, теңге
1	2	3	4	5

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдiң орны (бар болса)

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет  
қаражаты есебінен  
субсидиялау қағидаларына  
6-қосымша

Нысан

## Өтiнiш

1. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына куәлік (бұдан әрі - куәлік):

- 1) куәлік нөмірі №: \_\_\_\_\_;
- 2) берілген күні (күні, айы, жылы): \_\_\_\_\_;
- 3) қолдану мерзімі (күні, айы, жылы): \_\_\_\_\_;
- 4) куәлікті берген жергілікті атқарушы органы: \_\_\_\_\_.

2. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау қатынасының түрі (бұдан әрі – қатынас түрі):

- 1) қалалық (ауылдық)

;

2) қала маңындағы

;

3) ауданішілік

;

4) ауданаралық (қалааралық облысішілік)

.

3. Маршруттың атауы/нөмірі: \_\_\_\_\_.

4. Маршрутқа қызмет көрсетудің кезеңі:

1) есептік кезеңде қызмет көрсетуді бастау күні (күні, айы, жылы) \_\_\_\_\_;

2) есептік кезеңде қызмет көрсетуді аяқтау күні (күні, айы, жылы) \_\_\_\_\_.

5. Субсидия сомасы (цифрмен және теңгемен көрсетіледі): \_\_\_\_\_;

6. Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасы қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға қызметті жүзеге асыру немесе жеке әрекеттердің мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

\*Осы өтініштің 3-тармағы бойынша мәліметтерді толтырған кезде қалалық (ауылдық) немесе қала маңындағы қатынастарда маршруттың нөмірі көрсетіледі, ал ауданішілік немесе ауданаралық (қалааралық облысішілік) қатынастарда маршруттың бастапқы және соңғы пункттерінде орналасқан елді мекендердің атаулары көрсетіледі.

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын  
бюджет қаражаты есебінен  
субсидиялау қағидаларына  
7-қосымша

**"Ауданаралық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік**

**жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арнасы)	портал арқылы
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (толық автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Субсидия тағайындау туралы хабарлама не субсидия тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберу тәсілімен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
		1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>үзілістерді қоспағанда тәулік бойы .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады</p>
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) өтініш;</p> <p>2) әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы есеп;</p> <p>3) орындалған жұмыс туралы ақпарат;</p> <p>4) билеттерді сату жөніндегі есеп;</p> <p>5) жолаушылар тасымалынан түскен қаржылық қаражат туралы есеп;</p> <p>6) осы Қағидалардың 4-тарауында сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда, тасымалдаушының жолаушыларды маршруттарда тасымалдаумен байланысты шығыстарының көлемі жөніндегі есеп;</p> <p>7) тасымалдаулар ауданаралық ( қалааралық облысшілік) немесе ауданішілік қатынастарда жүзеге асырылған жағдайда, автовокзалдардың ( автостанциялардың) диспетчерлік қызметінің құжаты немесе ауылдық округтің әкімінен немесе оны алмастыратын адамнан осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растайтын анықтамалар;</p> <p>8) осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда, осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растаушы</p>

		<p>елді мекеннің бірыңғай диспетчерлік қызметінен алынған құжат;</p> <p>9) диспетчерлік қызметтің қалалық маршруттар бойынша рейстерді орындамағанын растайтын (бар болған жағдайда) құжаты.</p> <p>Тармақшаларда көрсетілген құжаттар 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) осы тармақтың бірінші абзацы электрондық көшірмеде ұсынылады.</p>
9.	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болуы</p>
10.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы қашықтықтан</p>

қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларына 8-қосымша

Нысан

### Билеттерді сату бойынша есеп

Тасымалдаушының атауы \_\_\_\_\_ теңге

Маршруттың атауы немесе нөмірі	Бір реттік жол жүру билеттерін сату туралы ақпарат			
	билеттің түрі	саны (дана)	билеттің бағасы	жалпы сомасы
1	2	3	4	5
	ересек			
	балалар үшін			
	жеңілдетілген			
	Жиыны:			
	Ұзақ мерзімді жол жүру билеттерін сату туралы ақпарат			
	билеттің түрі	саны (дана)	билеттің бағасы	жалпы сомасы
	ересек			
	балалар үшін			
	жеңілдетілген			
	Жиыны:			

Ұйым басшысы  
Бас бухгалтер  
МО (бар болса)

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларына 9-қосымша

Нысан

### Тасымалдаушының жолаушыларды маршруттарда тасымалдаумен байланысты шығыстарының көлемі жөніндегі есеп

№ р/н	Барлық шығындар, соның ішінде баптар бойынша	Сом, мың теңге

1	2	3
---	---	---

Ұйым басшысы  
Бас бухгалтер  
Мөрдiң орны (бар болса)

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет  
қаражаты есебiнен  
субсидиялау қағидаларына  
10-қосымша

Нысан

### Жолаушылар тасымалынан түскен қаржылық қаражат туралы есеп

Тасымалдаушының атауы \_\_\_\_\_  
теңге

Маршруттың атауы немесе нөмірі	Сома			
	бір реттік жол жүру билеттерін сатудан	ұзақ мерзімді жол жүру билеттерін сатудан	жеңілдетілген жол жүруден алынған өтемақы	Жиыны
1	2	3	4	5

Ұйым басшысы  
Бас бухгалтер  
МО (бар болса)

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет  
қаражаты есебiнен  
субсидиялау қағидаларына  
11-қосымша

Нысан

### Субсидия тағайындау туралы №\_\_\_\_\_ хабарлама

Көрсетiлетiн қызметтi алушы: \_\_\_\_\_  
(жеке сәйкестендiру нөмірі / бизнес-сәйкестендiру нөмірі)

Мемлекеттік көрсетiлетiн қызмет: "Ауданаралық (қалааралық облысiшiлiк),  
ауданiшiлiк, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік  
маңызы бар  
қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен  
байланысты



тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау"

Қатынас түрі: \_\_\_\_\_

Маршруттың атауы/нөмірі: \_\_\_\_\_

Маршрутқа қызмет көрсетудің кезеңі: \_\_\_\_\_

Статус: Субсидия тағайындалды

Хабарлама берген жергілікті атқарушы орган: \_\_\_\_\_

---

Хабарлама жіберілетін уақыты мен күні: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет  
қаражаты есебінен  
субсидиялау қағидаларына  
12-қосымша

Нысан

**Субсидия тағайындаудан бас тарту туралы № \_\_\_\_ хабарлама**

Көрсетілетін қызметті алушы: \_\_\_\_\_

(жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет: "Ауданаралық (қалааралық облысiшiлiк),  
ауданiшiлiк, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік  
маңызы бар

қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен  
байланысты

тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау"

Қатынас түрі: \_\_\_\_\_

Маршруттың атауы/нөмірі: \_\_\_\_\_

Маршрутқа қызмет көрсетудің кезеңі: \_\_\_\_\_

Статус: Субсидия тағайындаудан бас тартылды

Негізі: \_\_\_\_\_

---

Хабарлама берген жергілікті атқарушы орган: \_\_\_\_\_

---

Хабарлама жіберілетін уақыты мен күні: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдарын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет

## Нысан

### Тасымалдаушының көліктік қызметін төлеуге арналған есептік шығындар

Бап	20__	20__	20__	Жалпы
Жылжымалы құрамға шығындар				
Жылжымалы құрам бойынша лизингтік төлемдер				
Амортизация				
Сақтандыру				
Тікелей шығындар				
Отын				
Жағармай материалдары				
Жөндеулер және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығындар				
Автошиналарға арналған пайдалану шығындар				
Жүргізушілер мен кондукторлардың еңбекақысын төлеу шығындары				
Үстеме шығындар				
Тасымалдаушының рентабельділігі				
Жалпы				
ҚҚС				
Жұмыс мерзімі				
Маршруттағы жиынтық жүріс, автобус-км				

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдiң орны (бар болса)